



№9 (14) ТАМЫЗ 2017

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

www.ozen.kz
www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

АЙТУЛЫ КҮН



МЕРЕКЕ – ҚҰРЫШ БІЛЕК ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДІКІ!

КЕЗ КЕЛГЕН ЕЛДІҢ, КӘСІПОРЫННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮШ-ҚУАТЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНАН КӨРІНІС ТАБАДЫ. ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫ – ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ІРГЕТАСЫ.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев тамыз айының екінші жексенбісін құрылысшылардың кәсіби мерекесі етіп белгіледі. Құрыш білекті қызметкерлер жиырма жылға жуық атаулы күнді мерекелеп келеді.

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған

мамандық. Құрылыс ол – көз сүйсіндірер ғимараттар, жаңа өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандар.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-дағы белді саланың тасын өрге домалатып отырған Күрделі құрылыс департаменті қызметкерлерін және кәсіпорынмен тығыз байланыстағы мердігер ұйымдар мамандарын мерекемен құттықтаймын. Қоғам және өз атыман жоғары кәсіби тәжірибелері мен өндірістік қызметтегі табыстарының еселенуіне тілектестік білдіремін.

Бекзат АБАЙЫЛДАНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.

ӨНДІРІСТЕГІ ЖОЛДАР САЛЫНЫП ЖАТЫР



«Өзенмұнайгаз» АҚ 2017 жылдың бағдарламасына сәйкес өндірістегі 7 шақырым жолды қайта құрылымдауды жоспарлады. Оның ішінде №1 МГӨБ бойынша 2,4 шақырым, №3 МГӨБ бойынша 2,4 шақырым және №4 МГӨБ бойынша 2,2 шақырым жолдарды салу көзделген. Бүгінгі таңда №1 МГӨБ-тегі 1,6 шақырым, №4 МГӨБ-тегі 0,8 шақырым жол жасалды. Өзге жол құрылыстары келісім-шарт бойынша қазан айында толықтай аяқталады деп жоспарланып отыр.

Жол құрылыстарына 100 пайыз отандық өнімдер қолданылып отыр. Әсіресе Маңғыстаудың құрылыс жабдықтарын шығару зауыттарынан алынууда. Атап айтар болсақ, Маңғыстау ауданынан қиыршық тас, Ақтау қаласынан битум, Қарақия ауданынан табиғи құм сатып алынды. Асфальт қосындысын мердігер «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС өзі дайындап жатыр.

Бүгінгі санда:

Жүзден жүйрік,
мыңнан тұлпарлар



2-бетте

Бірлігі жарасқан
БАСҚАРМА



4,5-беттерде

45 мұнайшы
зейнеткерлікке кетті



6-бетте

Ысырапшылдық –
отбасы
бюджетінің соруы



7-бетте



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының 12 инженер маманы кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мақсатында Италияның ENI S.p.A. ІРІ МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯСЫНДА 6 ай бойы оқып, елге оралды. Оларды компанияның бас директоры Бекзат Абайылданов қабылдады.

БАС ДИРЕКТОР Италияда оқып келген мамандарды қабылдады



Акционерлік қоғам мен «Ені» компаниясы арасында жасақталған екіжақты келісімшарт аясында мамандар геология, қауіпсіздік техникасы, экология, мұнай кен орнын игеру бойынша тәжірибе алмасқан. Ағылшын тілін меңгеріп, теориялық білім алған. Мұнайшыларға «Өзенмұнайгаз» АҚ басшысы кәсіпорынның бүгінгі ахуалын айта келіп, тыныс-тіршілігіне ақпар берді. Өз сөзінде Б.Абайылданов: «Өндірістік кәсіпорындарды дамытудың негізгі көзі инновацияны жетілдіру екені белгілі. Сіздер барған Ені компаниясында жаңа жүйелерді пайдалану кеңінен жүзеге асып отыр. Сондықтан компания сіздерді шетелдің өндірістік кәсіпорындарындағы инновациялардың іске асырылуын, қолданылуын көріп-түйіп, Өзен кен орнын игеруге тиімді қолдансын деген мақсатта жіберді. Сонымен бірге, И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай газ институты, Shell және Ені компанияларының мұнай көлемін арттыруға бағытталған инновациялық жобаларының жүзеге асуына атсалысуыңыз қажет. Алда өздеріңіздің әріптестеріңізге заманауи өндірісті айта жүріңіздер. Жұмысқа құлшыныспен кірісіп, табысты болыңыздар», - деп тілек білдіріп, сенім артты. Топ арасынан Қайрат Аманов сөз алып: «Италиядағы «Балджано» зертханасы, Равенна кен орны, Сицилияның Джела қаласындағы мұнай-газ зауыттарынан көріп, үйренгеніміз көп. Еуропада білім алып, ондағы мекемелердің өндірісімен танысып, біліктілігімізді арттыруымызға мүмкіндік жасағандарыңызға ризашылығымызды білдіреміз», - деді.

Компания тарапынан осылай ірі серіктестермен ғылыми байланыс жалғасын таба бермек.



ЖАС МАМАНДАР кеңесінің слеті өтті

22-23 шілдеде еліміздің бас қаласы – Астанада жыл сайын дәстүрлі өтетін «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-ға қарасты компаниялар тобындағы жас мамандар кеңестерінің слеті өтті.

«Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан слетқа 11 адам қатысты. Олар компанияның белсенді жастары мен ғылыми жобалары арқылы көзге түскен жас мамандары болды.

Екі күнге созылған жастардың басқосуы өте жоғары деңгейде болды.

Слет аясында «Болашақ мұнайы» форумы өтті. Қатысушылар ЭКСПО көрмесін тамашалады. Сонымен бірге Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменовпен, Салалық кәсіподақ жетекшілерімен және «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ басшыларымен кездесті. Олармен еркін өткен сұхбат жас мамандарға керемет әсер сыйлады. «Ұйымдастырушыларға зор алғыс білдіре отырып, «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына көптен-көп рахмет айтамыз. Жас мамандардың жұмыста белсенділігіне мұндай шаралар ықпал етеді», - дейді слетқа компания атынан қатысқан №1 МГӨБ қызметкері Бекнұр Бисенов. Шара соңында өткен тимбилдинг, «Брейн-ринг» сайыстары мен тренингтер жастарды сергітіп тастады. Көкейлеріндегі сұрақтарға жауап алған жастар бұл сапардан тың серпін алып, рухтанып қайтты.

Бауыржан БАЙЫМБЕТОВ,
«ӨМГ» АҚ Жас мамандар кеңесінің төрағасы.

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАРЛАР

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да «Үздік маман-2017» кәсіби шеберлік байқауының II туры бойынша жеңімпаздар марапатталды. Оларға басшылық тарапынан «Алғыс хаттар» берілді. Оған қоса ақшалай сыйақы тағайындалды.

Марапаттау жиынында «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Б.Абайылданов: «Құрметті, байқау жеңімпаздары! Бұл байқау мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдап, жігерін жаныды. Білімі мен білігін арттырды. Практикалық сайыс сіздердің жұмысыңыздың сапасын, ал теориялық сайыс өз мамандықтарыңызды қаншалықты деңгейде меңгергеніңізді көрсетті. Үздік маман атану үлкен жауапкершілік жүктейді. Байқау мұнымен қорытындыланбайды. Алда бұдан да үлкен сын

бар. Сол додада сіздерге «Өзенмұнайгаз» АҚ намысын қолдан бермейді деп сенім білдіреміз», - деді.

Жеңімпаздарды «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компания арасында өтетін сайыс күтіп тұр. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар танылғандар да бұл жауапкершілікті сезінуде. 2015 жылдан бері мамандығы бойынша сайыста шашасына шаң жұқтырмаған №3 МГӨБ қабат қысымын сақтау цехының операторы Жасұлан Қарақұлов сенімді ақтау керектігін айтады. «Өзіміз қызмет ететін «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның абыройын асқақтату – алдағы мақсатымыз», - дейді ол. Сол сияқты А.Қызметов, Ф.Тұрақов, А.Ермұхановтар да өздерінің кәсіби білім-білігін биіктен сынауға бел буып отыр.



Жағажай – халық игілігіне

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы әкімдігінің, қала тұрғындарының сұранысына сай Кендірлідегі 500 метр ашық жағалауды демалыс аумағы етіп жасап берді.



Жағажайға күнқағарлар қойылып, демалушылар үшін тамақтану орны дайындалды. Сондай-ақ балаларға арналған екі ойын алаңшасы салынды. Ол жерде теңізге келген адамдарға барлық жағдай жасалған, қауіпсіздік мәселелері де назарға алынған. Қоғамдық жағажайда кәсіпкерлер үшін шағын бизнесті дамытуға да қолайлы жағдай туғызылған. Бүгінгі таңда қолданысқа берілген аумақ «Газалық» МКК-ға тапсырылды.





ЕҢБЕК ҚОРҒАЛЫП, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ ТИІС

КЕЗ КЕЛГЕН МЕКЕМЕ ҮШІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ. «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ДА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖАҒДАЙЛАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ. ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК – ЕШБІР ЖАҒДАЙДА БҰЗЫЛМАУЫ ТИІС ПРИНЦИП. БҰЛ БАҒЫТТА КОМПАНИЯДА СОҒҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНҒАН БІРҚАТАР ОҢТАЙЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫН БІЛУ МАҚСАТЫНДА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ ӨСЕРБАЙ САНСЫЗБАЙҰЛЫ ТҰРСАБЕКОВПЕН СҰХБАТТАСТЫҚ.

Өсербай Сансызбайұлы, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бойынша іске асырылып жатқан қандай жаңа жүйелер бар?

Өндірісте бірқатар жаңа жүйелерді енгізе бастадық. Барлығы жұмысшылардың қауіпсіздігі үшін жасалып отыр. Соның бірі – «Алтын ережелер» деп аталатын ерекше нұсқама. «Алтын ережелер» – өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға арналған қағидаттар топтамасы, қарапайым адамдарға түсінікті тәсіл. Жинақта өндірістік тәуекелдер қамтылған. Көлік, тоқпен жасайтын жұмыстар қауіпсіздігі - барлығы бар. Шағын ғана жинақ қалтаға салып жүруге ыңғайлы. «Алтын ережелердің» тақашалары әр жұмыс бөлмелерінде ілулі тұр. Оқу, санаға тоқу әр маманға міндеттелген. Оған қоса қызметкерлердің жұмыс кабинеттеріндегі айналарға сақтандыру, қауіпсіздікті еске салу бойынша сөздер ілінді. Шашын жөндеген, бет-әлпетін қараған қызметкерлер өз өмірлеріне өздерінің ғана жауапты екенін оқиды. Бірнеше жылдан бері билбордқа есте қаларлық апатты жағдайлардың суреттерін қойып, әсерлі тіркестермен өндіріс аймағындағы жол жиектеріне орналастырып келеміз. Қауіпсіздік бойынша бейнероликтерді еңбек адамдары көру үшін күнделікті асханалардағы теледидарлардан үздіксіз жіберіп отырмыз.

«ЛОТО» бағдарламасының қауіпсіздік үшін қандай пайдасы болып отыр?

Күрделі жұмыс орындарында оқыс оқиғалардың болмауы үшін соңғы уақытта акционерлік қоғам өндіріске «ЛОТО» бағдарламасын енгізді. Жаңа жоба өзінің тиімділігін көрсете бастады. Кішкентай ғана алқаның жұмысы ауқымды. Ол бір жерде жүргізіліп жатқан бірнеше шараның кедергісіз орындалуын қамтамасыз етеді. Қанша адам бригадада жұмыс жасаса, соншалықты алқа қойып кетеді. Барлығы құралды шешіп алмайынша ешкім барып қосып кете алмайды. Акционерлік қоғамға қажетті құралдың 50 пайызын алдық.

Іс-әрекетті бақылау бағдарламасы деген не? Қолданылуы қалай?

Бағдарлама қызметкерлердің қателігін өздерімен пікірлесе отырып талқылауды

көздейді. Басқарма басшысынан бастап бас инженер, техникалық қауіпсіздік бөлімінің инженерлері жүргізеді. Негізгі шарты – қауіпті іс-қимылдардың жолын кесу. Бұл бағдарлама біреуді жазалау үшін емес, әңгімелесу, ақыл кеңес беру арқылы

басшылық, акционерлер – барлығы хабардар болып отырады.

Жеке қорғану құралдарында өзгеріс бар ма?

Қызметкерлердің жеке қорғану құралдарында өзгеріс бар. Жұмыс-


нан автокөліктерге орнатылған GPS жүйесімен белгіленген жылдамдықты асыра жүргізу фактілерін анықтау және сол фактілерге шара қолдану жұмыстары бойынша Транспорт департаментінен апталық ақпарат алынып бірлесе қадағаланып келеді. Мысалы анықталған фактілер бойынша осы жылы жылдамдықты асырған 41 қызметкерге «жазбаша ескерту», 49 қызметкерге «ескерту», 2 қызметкер «жалақысы төмен жұмысқа» ауыстырылып, 10 қызметкерге «сөгіс» берілді. Шара қолданбасқа болмайды. Себебі өндіріс аймағында аса сақтық керек. Жұмысшының оқыс бір әрекеті өміріне қауіпті. Жалпы қауіпсіздік шаралары бірнеше бағытта жасалады. Өрт, өнеркәсіп қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғау. Жоспар бойынша әр мұнай-газ өндіру басқармасына ұңғыларды техника қауіпсіздігіне сәйкестендірілу тапсырылады. Өзенмұнайгаздағы барлық жұмысшының қауіпсіздік техникасы бойынша сауатын арттыру және білімін тексеру үшін корпоративтік оқу орталығы жұмыс жасайды. Алдымен қызметкерлер оқытылады, одан соң емтихан тапсырып, жұмысқа жарамдылығы бойынша рұқсат алады. Биыл орталықта жаңалық көп. Бұрын жалпылама оқытатын болсақ, биыл әр мамандыққа арналған жеке бағдарлама жасап шығардық.

Алдағы күндерге қандай жоспарлармен сала жұмысын одан әрі жандандырмақсыздар?

«Өзенмұнайгазда» еңбекті қорғап, өндіріс қауіпсіздігін арттыру шаралары жалғаса береді. Бұл бағытта басшылық тағы бір үлкен жұмысты қолға алып отыр. Келер айдан бастап жаңа басқарма ашайын деп отырмыз. Жаңа құрылым болмақ. Бір жерден бақыланып, жұмыс жүргізіледі. Жалпы қауіпсіз өндіріс, оңтайлы еңбек жағдайлары жұмысшылар үшін жасалуы керек. Атқарылған шаралар да, алдағы жоспарлар да – осы міндеттердің межесіне бағытталып отыр. Осы мүмкіндікті пайдаланып барлық басқарма басшыларына еңбек тәртібін және өндірісте еңбек қауіпсіздігін күшейтуге әрі қарай жұмыстарды жүргізе беруді сұраймын.

Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Индира СӨТЕНБАЕВА.



жүргізіледі. Оң нәтижесі бар.

Қазір автоматтандырылған өрт сөндіру құралдарын тексеру оңтайландырылған деп отырсыз? Қалай жүргізіледі?

Өзенмұнайгазға қарасты барлық басқарма, орталықтарда орнатылған автоматтандырылған өрт сөндіру құралдарын мердігер мекеме тексереді. Жазатайым тілсіз жау қылаң бергенде құралдар жылдам іске қосылып, қызметкерлерді хабардар етуі тиіс. Сол себепті ай сайын тексеріліп тұрады. Олардың да жұмыс істеп тұрғанын бұрынғыдай емес, жаңа құралмен анықтайды. Өте тиімді, жеңіл, барлық өрт сөндіру құралдарының жұмыс жасап тұрғанына көз жеткізуге болады. Сонымен бірге өндірісте орын алған ұсақ жарақаттардан апатты оқиғаларға дейін ескерусіз қалмайды. «КИСУД» бағдарламасы қауіпсіздік бойынша барлық мәліметті тіркейді. Сол арқылы


шылардың ұсыныс-тілектері ескеріліп, енді жаңа үлгідегі арнайы күртешелер шыға бастайды. Онда белдегі резеңке алып тасталып, күртешелер ұзартылып тігіледі.

GPS жүйесімен белгіленген жылдамдықты асыра жүргізу фактілері бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы 03.10.2014 жылғы №42 шешімімен бекітілген ПР-165-44-114 процедурасын және 19.06.2017 жылғы №12 апталық өндірістік-техникалық мәжіліс хаттамасының 14 тармағын орындау мақсатында автокөлік басқармалары-



БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН



Наuryз РАХМЕТОВ, №2 СКВАЖИНАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ:

«№2 СҚКБ-да 600-ден аса қызметкер бар. 6 бөлімше, атап айтар болсақ, 4 автотізбек, механикалық жөндеу шеберханасы және бас механик цехы бар. Цехтар барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мамандардың білім-біліктері де басқарма қызметінің сапасын арттыруға толықтай жетеді. Мекеме «қара алтын» өндірісіне қатысты жүктелген міндеттерді арнайы және жедел техникалармен атқарады».

Мұнай-газ өндірісінде арнайы техникалардың қажеттілігі орасан. «ӨМГ» АҚ-ға қарасты арнайы техникалардың біраз бөлігі – осы басқармада. Мекемеде 280-нен аса арнайы техника бар. Барлығы да өндірістік қажеттіліктерге жарап тұр. ЦА-320, СИН-35, АРОК, АЦН тағы да басқа арнайы техникалар арқылы мамандар ұңғыларды жер асты жөндеу

№2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының 50 жылдан жылдан аса тарихы бар. 1964 жылы іргетасы қаланды. Өзен кен орнын игеруге құрылған алғашқы мекемелердің бірі. Басқарма «ӨМГ» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелерін арнайы және жедел техникалармен қамтамасыз етеді.



жұмыстарына дайындайды. Тербелмелі станоктарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Алайда басқармадағы арнайы техникалардың 40 пайызы ескірген. 2012 жылдан бастап автопарк 2 рет жаңартылды. Соңғысы 2016 жылы жүргізілді.

Наuryз НҮРБАЕВ, №2 СҚКБ ПАЙДАЛАНУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ

«Техникалар ескі, жаңа деп жатқан

жоқпыз, барлық сұраныстарды орындап, жоспарға сай жұмыс істеп отырмыз. Басқармамызда арнайы көліктердің «тілін» жете меңгерген, тәжірибелі мамандар да бар. Атап айтып кететін болсам, Б.Алқуатов, Т.Өтеқасымов, А.Қармысов, С.Ізбасов, Ж.Тасмағанбетов, И.Қараев, А.Болдаманов, С.Байтүзелов, С.Дінбаев, Б.Мұңалбаев, С.Дашимовтерді №2 СҚКБ-ның келбеті деуге болады».

Мекемеге өткен жылы 16 арнайы техника келді. Жаңа көлікті тізгіндегеннің бірі – басқарманың жас маманы Нұрсұлтан Ысқақов. Ол өзіне сенім артып, су жаңа көліктің біріне жүргізуші қығанына қуанышты. «Жаңадан келген 16 көліктің біреуін маған берді. АРОК деп аталатын арнайы техника. Жұмысты жасап жатырмыз. Жөндеуді, күтімді аса қажет етпейтін тұлпар





БАСҚАРМА

тізіндегенге не жетсін?!»

Техника болғасын ескіреді, бұзылады. Оларды уақытылы іске қосу кәсіпорында оңтайландырылған. Мұнда арнайы механикалық жөндеу шеберханасы бар. Көліктері істен шыққан қызметкерлер осы орында жұмыстанады. Арнайы техникалардың қосалқы бөлшектері көп жағдайда басқарманың өзінен табылады. Алдын-ала алдырып қойған қажетті темір-терсектер механикалық шөндеу шеберханасының жанында орналасқан қоймада тұр. Жүргізушілер

созылмалы аурулармен есепте тұрған қызметкерлер бар. Оларды айына бір рет дәрігер тексереді.

Басқармада жұмысшылардың техникалық қауіпсіздігі қатаң бақылауда. Сондай-ақ олардың еңбек жағдайларын жақсарту қарастырылған. Мекемеде 250 адамдық тұрмыстық-шаруашылық кешен бар. Тағы да 350 адамдық әкімшілік-шаруашылық кешеннің құрылысы басталайын деп отыр. Нысанды жыл соңына дейін басқарма игілігіне ұсыну жоспарлануда. №2 СҚКБ-

«Бұл үрдіс биыл да жалғасын тауып отыр. Қызметкерлердің жаздық демалыстары үшін емдеу-сауықтыру орталықтарына 222 жолдама қарастырылды. Ал балаларға 253 жолдама бөлінді. Барлығы да мақсатты жұмсалуда».

Кәсіпорын қызметкерлері өндірісте ғана белсенді емес, сондай-ақ «ӨМГ» АҚ өндірістік құрылымдық басқармалары арасындағы қоғамдық шараларда үздік танылып жүр. Мекемеде мәдени-көпшілік және спорттық

сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері де жетерлік. Атап айтар болсақ, И.Бердалиев, С.Тайманов, Д.Шиланбаев, Н.Жүсіпов, Р.Көшкінбай, т.б.

Кәсіпорынның алға қойған нақты жоспарлары бар. Өндірісті ілгерлету, жұмысшыларға тиімді еңбек жағдайларын жасау үшін бірқатар шаралар атқармақ. Сондай-ақ, автопаркті жаңарту бойынша тағы да 54 дана арнайы техникаға тапсырыс берілген. №2 МГӨБ аумағындағы шығу паркінің тексеру өткізу бекетінің ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, маусымда тапсырылған. Механикалық жөндеу цехына қарасты №4 бөлімше (Камаз цехы) ғимараты мен басқарма базасы алаңшасының 1000 шаршы метріне ағымдағы жөндеу жасалып жатыр. Бұл жұмыстар уақытылы, сапалы аяқталатын болса, басқарма үшін биылға жоспарланған бірқатар шараның атқарылғаны деп есптеуге болады.

Жоспарлы жұмыстар жұмысшылар жағдайын жақсартуға бағытталады. Оңтайландырылған еңбек жағдайы өндірісті өрістетеді. Ел экономикасы еселенеді. Әлеуметтің әлеуеті артады. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №2 СҚКБ ұжымының басты ұстанымы – осындай.



сұраныспен келіп, керегін дереу алады. Бастысы, жұмыстарын тоқтатпайды. Қоймашы Мұратбай Оразов 43 жылдан бері басқармада еңбек етеді. Кезінде арнайы техниканың жүргізушісі де болған. Сол кездердегі қосалқы бөлшектердің уақытылы жеткізілмейтіндігі жұмысқа кедергі болатын. Ал қазір ешқандай кідіріс жоқ, – деп еске алады ол.

Кәсіпорында қызметкерлер ауысыммен жұмыс жасайды. Жұмысшылар күнделікті денсаулықтарын медициналық пунктте тексертіп отырады. Еңбекке араласуларына қан қысымдарын өлшеп, жағдайларын бақылап барып, ақ халаттылар жолдама береді. Мекемеде түрлі

ның қызметкерлеріне емдеу-сауықтыру шаралары да жолға қойылған. Олардың еңбек демалыстарын тиімді өткізулеріне байланысты жылдық медициналық тексеріс қорытындысы бойынша 2016 жылы 254 жұмысшы түрлі шипажайларға жолдама алған. Кендірлідегі «Медикер» емдеу-сауықтыру орталығына 96 қызметкер барған. Сондай-ақ мекеме қызметкерлерінің балалары үшін жаздық лагерьлер жоспарлы ұйымдастырылады. Былтыр 302 бала еліміздің түпкіртүпкірінде жаздық демалысын қызықты өткізген.

Тарас АЛЕУЕДИНОВ, №2 СҚКБ ӘЛЕУМЕТТІК-ӘКІМШІЛІК ҚАМТУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ





«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ 45 ҚЫЗМЕТКЕРІН ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ДЕМАЛЫСЫНА ЖІБЕРДІ. КЕН ОРЫННЫҢ ИГЕРІЛУІНЕ ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСҚАН МАМАНДАРДЫ БАСШЫЛЫҚ ЗОР ҚҰРМЕТПЕН ШЫҒАРЫП САЛДЫ.

45 МҰНАЙШЫ зейнеткерлікке кетті

Компания оларды қаланың қақ ортасындағы көрнекті «Ақ ниет» мейрамханасына шақырып, дастархан жайды. Шақырылған 250 адамның 205-і мекемеде қызмет етіп, әр жылдары зейнеткерлікке шыққандар болса, қалғаны жуық арада көп жылдық еңбектерінің құрметті демалысына аттанып бара жатқандар болды. «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Б.Абайлданов жиын барысында: «Жас кезінде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» – дейді дана халық. Мінеки, сіздер сол мұнай өндірісіндегі қиын да қатал бейнетті күндеріңізді артқа тастап, зейнеткерлікке шығып бара жатырсыздар. Компанияның өрлеу кезеңдерінен сіздердің қолтаңбаларыңызды анық танимыз. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ өмір және шаңырақтарыңызға қуаныш пен шаттық тілеймін», – деп, «Алғыс хаттар» мен «Мечта» сауда үйінің 50 мың теңгелік сертификаттарын табыстады. Әр зейнеткердің құшағын гүлге толтырды. Сондай-ақ барлық зейнеткерлерге сыйлықтар табыс етілді. Олар да өз тараптарынан разылықтары мен ақ тілектерін жаудырып жатты. Солардың бірі – АҚ-да 40 жылға жуық түрлі басшылық қызмет атқарып, Химияландыру



Ғалым Дәлубайұлы адал еңбектерін бағалап, құрметпен шығарып салып жатқан компания басшылығына ризашылығын білдірді. Ұжымның мұнай өнімінің жоспарын орындап, алға қойған мақсаттарға қиындықсыз жете беруіне тілектестік білдірді. «Жұмыс жасап қалған адамның демалысы жоспарланған ба?» деген сұрағымызға «немерелерімнің қасында боламын. Мүмкін шағын жеке іспен де айналысармын» деп жауап берді. Ал өткен

«Акционерлік қоғамның игілікті шарасының бірі – зейнеткерлікке шығатын адамдарды елеп-ескеріп шығарып салады. Сол тұста үйінде жатқан біз сияқты зейнеткерлерді де қосып, сыйлайды. Бұл дегеніңіз, үлкендер үшін өте қуантарлық жағдай. Бүгін де бұрынғы бірге жүрген азаматтарды көріп, жұмыстастарымызбен қауышып, мәре-сәре болып қалдық», – дейді. 2006 жылы зейнеткерлікке шыққан Өтеп Балғынбаев ақсақалдың да айтары бар екен. «Кезінде жұмыс

Біз үшін – мереке.

Мұнда келіп қатарымызды көреміз, пікірлесіп қуанып қаламыз. Алу үшін жүрген жоқпыз. Бірақ мекеменің әлеуметтік қолдаулары өте жақсы деп есептеймін. Айтулы күндері беретін сыйақылары



бар. Барлық құрметтеріне рахмет», – деп алғысын білдірді. Әлеуметтік-әкімшілік департаментінің аға маманы Лаура Тілеубаева: «Жалпы мекемеде 1500-ге тарта зейнеткер бар. Қызметкерлерді зейнеткерлік демалысына шығарып салу, сондай-ақ оларға бұрынғы үлкендерді қосып, құрмет көрсету – біздің компанияның дәстүрлі шарасы. Биылдыққа 3-ші рет ұйымдастырып отырмыз. Жыл соңына дейін тағы да өткізіледі», – дейді.

Жиналғандардың ақтаулық және жаңаөзендік өнерпаздар ән, күймен көңілдерін көтерді.



және экология басқармасынан зейнеткерлік демалысқа шығу бұйырыған Ғалым Күнтуаров.

жылы зейнеткерлікке шыққан Мәдениет Калидуллин компанияның осы үрдісін оң бағалады. Ол:

жасады, қазір демалыста ғой деп жатқан жоқ, басшылар осындай жиындарда қалдырмай шақырады.

Жұмысын жақсы көрген ЖҰМЕКЕҢ

ЖҰМАБАЙ ҚОЩАНОВ 1954 ЖЫЛЫ ӨМІРГЕ КЕЛГЕН. БИЫЛ МҰСЫЛМАНДЫҚ ӨМІР ӨЛШЕМІМЕН АЛСАҚ, ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНА, АЛ ЕҢБЕК КОДЕКСІ БОЙЫНША ЕСЕПТЕСЕК, ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСЫНА ЯҒНИ 63-КЕ ТОЛДЫ.

Адамның мамандығы таңдауы мен тағдыр талайына қарай бұйырады. Жұмабай аға басқа емес, темірді темірге жағауды меңгерген жан. Дәнекерлеу ісі игерген кәсібі болса, оның шебері болу Жұмекеңе жылдармен келді. Себебі еңбекке қабілетті жасының бәрінде газэлектрмен дәнекерлеу кәсібін атқарды. Бірнеше мекемеде үлгілі қызметкер болған ол Химияландыру және экология басқармасының Мұнай кәсіпшілігіндегі жабдықтар-

ды ингибитормен қорғау цехының 5-ші дәрежелі дәнекерлеушісі болып ұзақ жылдар қызмет атқарды. Цех мақтанышы Жұмекеңнің жұмысына жауапкершілігін жастар өнеге тұтады. Ұжымды айрандай ұйытқан ақылы мен ауызбіршілікке шақырған жақсы сөздерін, көпшілігін ағаның асыл қасиеттері деп бағалай отырып, зейнеткерлікке шығар уақытында өзі қызмет еткен ортасы құрметпен шығарып салды. Жол көрсеткен білікті маман ретінде, жөн сілтеген абзал аға ретінде цех қызметкерлері иығына шапан жауып, амандық пен саулық тіледі.

**Химияландыру және экология басқармасы,
Мұнай кәсіпшілігіндегі жабдықтарды
ингибитормен қорғау цехының қызметкерлері.**





АЛҒЫС АЙТАМЫН



Мен, Алибек Құмбаев, мұнайшылар қаласының тумасымын. Кішкентайымнан спортқа қызықтым. 2011 жылы 15 жасымда спорттың дзюдо, джиу-джитсу түрлеріне қатыса бастадым. Бапкерім маған үлкен сенім артып, жарыс жолдарына жетеледі. Алғашқы жылымнан бастап жауынгерлік джиу-джитсудан Маңғыстау, Қазақстан, Азия чемпионаттарына қатыстым. Ережесіз жекпе-жек бойынша да бірнеше жарысқа бардым. Бүгінгі таңда ережесіз жекпе-жектен Қазақстан чемпионымын. Кәсіпқой MMA-ден Ақтау қаласы әкімі кубогының және NFC тұжырымының - 2,4,5 халықаралық турнирлерінің жеңімпазымын. Алайда бұл жарыстардың барлығына қатысу маған оңайға соққан жоқ. Физикалық дайындығыммен қоса, материалдық шығынды да көтеру мәселеге айналады. Отбасымда қомақты табыс тауып отырған адам жоқ, сондықтан да үнемі қаржымен қамтамасыз етуге ата-анамның да шамасы жетпей жатады. Ал осындай жағдайларда маған мұнайшы ағаларымның көп көмегі тиді. Атап айтар болсам, «Өзенмұнайгаз» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің, «Өзенмұнайсервис» ЖШС-дағы басшылардың қаржылай қолдауы аз болған жоқ. Сонымен бірге спортқа жанашырлық танытатын Жас мамандар кеңесінің мүшесі Бағдат Карамбетов ағама да алғысымды білдіремін.

Мен қазір Дағыстанға жаттығу жиындарына бара жатырмын. Алда көптеген дүбірлі додалар күтіп тұр. Ағалардың демеушілігін Маңғыстауымның тілегі-тірегі ретінде сезініп, барлық жеңістерімді арнағым келеді. Әрқашан елімді, туған жерімді спорт арқылы бүкіл әлемге танытып, абыройын асыруға дайынмын.

Алибек ҚҰЖБАЕВ,
Жаңаөзен қаласының тұрғыны.

XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫ ЖАҚСАРА БАСТАДЫ, ӘРТҮРЛІ ҚОРАПШАҒА САЛЫНҒАН АЗЫҚ-ТҮЛІК ТҮРЛЕРІ КӨБЕЙДІ, ДАСТАРҚАН МОЛАЙДЫ. ҚИСАПСЫЗ МОЛШЫЛЫҚ БАРДЫ БАҒАЛАУДЫ, ОБАЛ-САУАПТЫ ҰМЫТТЫРА БАСТАДЫ.

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ –

Бала кезімізде дастархан басында шүпірлеп отырып, алдымызға келген тамақты тауысып жейтінбіз. Дастарханға түскен нан қиқымын көрсе шешем марқұм «обалы бар, теріп жеп қойыңдар, бай боласыңдар» дейтін күлімсіреп. Пенде шіркін бар болғанды, бай болғанды қашан жек көріп еді?! Таласа-тармаса дастархан үстіндегі нан қиқымын әп-сәтте жеп қоятынбыз. Балалық шығар... Сондағы ойымыз өскенде байлыққа белшемізден батып, төбеге түкіріп жату! Бұндайда қазақ «шойын қараның ойын қара» демеуші ме еді...

Ысырапшылық дәстүрлі қазақ ұғымына жат. Тамақтың жуындысы екеш жуынды да далаға төгілмейді. Лайқа деген итіміздің итаяғына құйылады. Сол кездегі аналар біздерді үнемшілдікке, жанашырлыққа тәрбиеледі. Ендеше, неге Сіз бен Біз айдың күннің аманында аналар тәрбиесінен адасып қалып отырмыз?!

Ысырап-артық дүниемүлікті, ақшаны игілікті іске жұмсаудың орнына, қалай болса солай шашып-төгуді білдіреді. Қазақ қонақсыз отыра алмайды. Қонақ шақырғанда «сараң екен» деп айтпасын деп, тым артық тағам дайындап дастарқанды толтырып қоятынымыз рас. Қонаққа жайылған ас та төк дастарқаннан артылып, қоқысқа тасталған астың обалы кімге?

Дәрігер-мамандар көптеген аурулар ысыраптан, шамадан тыс ішіп-жеуден, өмірлік қателіктерден, орынсыз ойын сауықтан т.б. пайда болатынын айтады. Мақсатсыз өмір, арзан күлкі, түрлі құмарлық иманның әсерін әлсіретіп, тіпті жойып та жібереді. Қарап отырсаңыз, бүгінде ысыраптың түрі көп. Суды, электр энергиясын шектен тыс пайдалану-заттай ысырапқа жатады. Киімге, мүлікке күтімсіз қарап, тез тоздыру да ысырап. Уақытты бос өткізу-рухани ысырапқа жатады. Компьютерлік ойындар, мән-мағынасы жоқ фильмдер, бітпейтін сериалдар, қанбайтын ұйқы, ешкімге пайдасы жоқ бос әңгіме айту, әлеуметтік желілерде сағаттап отыру, мақсатсыз телефонмен сөйлесу, өлшеп берілген өмірді баянсыз нәрселерге жұмсап, уақытты ысырап ету болып табылады.

Ислам діні әуел бастан ысырапшылыққа қарсы. Ысырап-мұсылман үшін күнә.



отбасы бюджетінің соры

«Теңіздің жағасында тұрып дәрет алсаң да суды ысырап етпеңдер!»-дейді Мұхаммед (с.а.у).

«Өзімнен ештеңе аямаймын»-деп, нәпсінің қалағанының бәрін орындау да ысырапқа жатады. «Мода» деген қысқа күнде қырық құбылатын дүрмекке ілесем деп, жаңа атаулыға ие болу үшін жанталасу-қазіргі заманның бір сипатына айналды. Нәпсінің ешқашан тоймайтынын ұмытып кеттік. Көбіміз соның қалауымен жүреміз деп, кісілігіміз бен өміріміздің мәнін де жоғалтып алдық. Күні-түні үйін қажетсіз затқа толтыру үшін жұмыс жасау-бүкіл қоғамның проблемасына айналды. Ол зат қажет болмаса да, мақсатсыз сатып алуға көштік. Ақшамыз жетпей жатса, банктен несие ала саламыз. Бір мұнайшының басында бірнеше несие бар. Қарызға белшесінен батып отырған жұмыскердің көңілінің қошы бола ма?! Қарызданып-қауғаланып алған зат адамға қуаныш сыйлай ала ма?! Бұрындары тек қана ауқаттылар ие болатын қымбат мүліктерге ие боламын деп тыраштану-жаяудың аттыға еремін деп шатын айырып алғаны іспетті сәлекет көрінеді.

Бұқараның жыл өткен сайын тұтынушылық тәбеті артқан үстіне артып барады. Адамның

көзі бұл пәниде тоймақ емес. Киім-кешек, тағам арқылы елден ерекшеленіп, айналасына қыр көрсеткісі келетін адамдар пайда болды. Қыз-келіншектер «сәннен қалмау» үшін сұлулық салонының табалдырығын тоздыра бастады. Бұл процестің қызу жүруіне күні-түні теледидардан көрсетілетін жарнамалардың өзіндік үлесі зор. Бүгінде жарнама LED экран арқылы көшеге де шығып кетті. Біздің затқа тәуелділігімізге психологтар «шопоголизм» деген диагноз қойып, кейбір елдерде осы ауруды емдеуге де кірісіп кетті. Мен бала-шағаның аузынан жырып, үнемдеуді насихаттаудан аулақпын. Адал жолмен табылған ақшаға жақсы киім киіп, әдемі де жайлы өмір сүргенге не жетсін!

Жалпы ысырапшылыққа қарсымын. Менікі, ысырапшылық-ұлттық мінезге айналып кетпесін деген жанашырлық қана. Реті келгенде, өмірдің мәнін мәңгілік құндылықтардан іздеген көшпелі елдің ұрпағы екенімізді еске бір салып қою...

Сарша СУПРӘЛІ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері.

Хабарландыру

«Өзенмұнайгаз» АҚ жас мамандар арасында «Үздік өнертапқыштық жоба» байқауын жариялайды. Оған өндірістің түйткілді мәселелерін шешетін ұсыныстар қабылданады. Қатысушылардың рационализаторлық қабілеті арқылы өндірісті оңтайландыруға арналған жобалары алынады. Байқауға бас директордың жүлдесі тағайындалып отыр.



Байқау қорытындысы бойынша өндірістегі өзекті мәселелердің шешіміне жауап тапқан жобаларға басымдық беріледі. Байқау қорытындысы бойынша арнайы комиссия шешімімен орын алған жоба авторларына қаржылай жүлде тағайындалады және тиімділігі дәлелденсе өндіріске енгізу мүмкіндігіне ие болады.

Мақсаты: - Компанияның жас қызметкерлерінің өндірістегі мәселелерге қосатын үлестерін арттыру;

- Жас мамандардың өнертапқыштық қабілеттерін көрсетуіне мүмкіндік беру.

Талаптар: - мұнай-газ өндірісінің тиімділігін, еңбек өнімділігін, техниканы тиімді пайдалану, технологиялық процестерді жетілдіру, автоматтандыру және электрэнергетика, экология және еңбек қауіпсіздігін жақсарту, менеджмент және экономикалық көрсеткіштерді жақсарту тақырыптарын қамтуы тиіс.

- Байқауға 18-35 жас аралығындағы компанияның қызметкерлері қатыса алады.

- Жоба ppt. (powerpoint) форматында жасалуы тиіс.

Жобаларды қабылдау уақыты 31 тамызға дейін.

Байқаудың қорытындысы 14 қыркүйекте белгілі болады.

Жобаларды b.bayimbetov@umg.kmger.kz және bbbaurzhan87@mail.ru электронды поштасына жолдау қажет.

(Поштаға жолданған құжаттардың жеткізілгендігін байланыс телефоны арқылы тексеру ескертіледі)

Барлық сұрақтар бойынша 8 771 550 3919, 65-404 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

**БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТЫҢЫЗДАР,
ЖАС МАМАНДАР!**



Құттықтау

Құрметті
Адик Мұсаұлы!

60



Сізді 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Темір тұлпарды тізгіндеп, жолаушыларды дйттеген жерлеріне жеткізіп, алғысқа бөленіп жүре беріңіз. Еңбегіңіз жемісті, табысты болсын!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шатты өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі тілекпен:

Технологиялық транспорт басқармасының ұжымы.



Аяулы Шұға Әлқуатқызы!

55 жасыңыз құтты болсын! Мерейлі жасыңызда

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілейміз. Еңбекте алда, ортада сыйлы болыңыз! Әрқашан отбасында, ағайын-туған, дос-жаранның арасында жүзіңізден мейірім, қуаныш табы кетпесін.

Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар сізді ұжымдас та, басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде әрқашан,
Аман-есен жетіңіз 100 жасқа да!



Ізгі тілекпен: Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету басқармасының ұжымы.